

**8D10100 – «Медицина» мамандығы бойынша PhD философия докторы
ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
Рүстембекқызы Жансаяның
«Жүктілік алдындағы семіздікпен ауыратын жүкті әйелдерде қабыну медиаторлары
мен темір алмасуының молекулалық маркерлерінің қауымдастығы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ғылыми жетекшінің
ШҚІРІ**

Рүстембекқызы Жансаяның диссертациялық жұмысы семіздікпен ауыратын жүкті әйелдердегі анемияның дамуында қабыну процестері мен темір метаболизмі арасындағы патогенетикалық байланыстарды кешенді түрде зерттеуге арналған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін диссертациялық жұмыста кешенді, салыстырмалы-клиникалық және зертханалық зерттеу жүргізіліп, оның аясында төрт түрлі клиникалық топтағы науқастардың биохимиялық, қабыну және гематологиялық көрсеткіштері зерттелді. Атап айтқанда: дені сау жүкті әйелдер (бақылау тобы), анемиясы бар жүкті әйелдер, семіз жүкті әйелдер және анемия мен семіздігі қатар кездесетін жүкті әйелдер.

Зерттеу барысында заманауи, жоғары дәлдіктегі зертханалық және статистикалық әдістер қолданылды. Қабыну және темір алмасу бұзылысының маркерлері ретінде интерлейкин-6, гепсидин, ферритин, эритропоэтин, С-реактивті ақуыз және басқа да көрсеткіштер таңдалып, оларды анықтау үшін ELISA (иммуноферменттік) әдісі пайдаланылды. Нәтижелерді талдау үшін көптік сызықтық регрессия және логистикалық регрессия сияқты статистикалық тәсілдер қолданылып, анемия мен семіздіктің патогенетикалық байланысын сипаттайтын маңызды заңдылықтар мен тәуекел факторлары анықталды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы — анемияның дамуына семіздік арқылы жанама әсер ететін созылмалы қабыну процестері мен темір алмасуының бұзылыстары арасындағы өзара байланысты алғаш рет нақты дәлелдермен көрсетуінде. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде анемияның даму қаупін болжауға мүмкіндік беретін жаңа диагностикалық критерийлер мен болжамдық модель ұсынылды, бұл құралдар практикалық акушерлік-гинекологиялық тәжірибеде қолдануға жарамды және клиникалық маңызы зор.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы — алынған деректер негізінде семіздігі бар жүкті әйелдерде анемияны ерте анықтау, асқынулардың алдын алу және оларды тиімді емдеу мақсатында нақты клиникалық ұсынымдар әзірленгенінде. Бұл ұсынымдар акушерлік тәжірибеге енгізіліп, жүктілік пен босану барысындағы тәуекелдерді төмендетуге ықпал етеді.

Автор зерттеуді жоғары ғылыми деңгейде, жүйелі түрде жүргізіп, зерттеу гипотезасын дұрыс қойып, оны дәлелдей алды. Ғылыми ойлау қабілеті, талдау мен жинақтау машығы, күрделі мәселелерді шешу жолдарын іздестірудегі белсенділігі — оның кәсіби деңгейін айқын көрсетеді. Жұмыстың құрылымы қисынды, мазмұны ғылыми талаптарға сай, терминологиясы нақты және дәл.

Сонымен қатар, автордың жеке қасиеттері — еңбекқорлығы, жауапкершілігі, ұқыптылығы мен ғылымға деген адалдығы ерекше атап өтуге тұрарлық. Ол зерттеудің барлық кезеңдеріне — деректер жинау, талдау, өңдеу және тұжырым жасау процестеріне толыққанды қатысып, зерттеуді өз бетінше жүргізе алатын білікті зерттеуші ретінде танылды.

Зерттеу нәтижелері бірнеше отандық және халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалды, ал автордың жетекші медициналық журналдарда жарық көрген мақалалары жұмыс тақырыбының өзектілігі мен ғылыми құндылығын дәлелдейді.

Қорытындылай келе, Рүстембекқызы Жансаяның диссертациялық жұмысы ғылыми талаптарға толықтай сәйкес келеді, жоғары ғылыми және практикалық құндылыққа ие. Алынған нәтижелер отандық денсаулық сақтау жүйесіне енгізуге лайық және акушерлік-гинекологиялық тәжірибені жетілдіруге елеулі үлес қосады.

Ғылыми жетекші:

Тайжанова Дана Жумағалиевна,
медицина ғылымдарының докторы,
«ҚМУ» КеАҚ Ішкі аурулар кафедрасының профессоры

02.12.2024 ж.
(қолы, мөрі)

DT

